

ТІРКЕСПЕН ОҚУ


Орындаған: Нарен Назия БК-108
Тексерген: Аманова Н.Б.

ТІРКЕСПЕН ОҚУ



- Оқушы солдан оңға қарай кітап оқығанда көз бірсарынды қозғалмай, бір сөзден екінші сөзге секіретінін, сол арадағы кідіріс кезінде ақпаратты қабылдайтынын білеміз. Осы кідірістегі секунд неғұрлым аз болса, соғұрлым уақыттан ұтамыз. Бұндай кідіріске ширек секунд немесе бір жарым секунд уақыт кететінін ескерсек, онда уақытты қысқарту арқылы жылдам оқуға қол жеткізе аламыз.

КӨЗ ТРАЕКТОРИЯСЫ



Әдеттегі оқырманның көз траекториясы



Нашар оқитын оқырманның көз траекториясы

Төмендегі сөйлемді бұрыннан қалыптасқан, яғни "*асықпай әрі мұқият*" оқып көріңіз:

"Ал тай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осын дай қар жауған ын көрген жоқпыз",- деседі қариялар.



Расында да, бас көтертпей жауған соншама, есіктің алды, қораның маңындағы қарды тазалап үлгере алмайсың. Ауыл-үйдің арасына күреп жалғыз аяқ жол салудың өзі азабы мол жұмыс.

Кейбір салақ кісілердің бел ағашы борсыған мал қамайтын қоралары сыр беріп алды - топ етіп төбесі ойылып түсіп жатыр.

Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз.


Төрт түлік тебін жоқ, омалып қорада тұр. Тебінге шығарғанды қойып, суатқа апара алмай әуре-сарсаңда жүр.

Міне, ұрланып басталып жапалақтай жауған қар мәңгілік сабырмен аспан астын түгел жаулап алған. Аспан деп, баяғы ұғыммен айтамыз, әйтпесе аспан жоқ, мың-миллион - сансыз қар көбелектер гана бір-бірін қуа жарысып, ойына келгенін істейді. Осыншалық гажсап, құлаққа қорғасын құйғандай тыныштықты Нұржан бұрын көрмеп еді. "Дүниеде қар жауған сәттегідей бейбіт те тыныш өмір бар екен"- деп ойлады жүзін аспанға қарата. Жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалақтар бетіне асықпай келіп қонып, жылбысқалана еріп, суға айналып бетін айғыздап аға жөнеледі. Ептеп қытықтай ма-ау...



Өр Алтайды жайлаған үш жылғы құрғақшылықтың есесін осынау ес жидырмай жауған қар қайтаратындай. Төпелеп жауған қар алғашында, қызық әрі әдеміболып көрінген. Аққала жасап, асыр салып ойнаған балалар, ұлпа мамыққа аунап жетіскен ауылдың қайқы құйрық иттері әсіресе мәз еді. Үлкендер жағы да келесі жаздың жаңбырлы, ырысты жыл боларын сәуегейлеп, аса риза пейінде-тін. Амал не, сағынып көріскен қардың аяғы, үлкен жұтқа айналмаса неғылсын: елді де, жан-жануарларды да әбден зықысын шығарып, мезі еткені рас еді. Борап, ұйықтап соғар теңтек мінез де танытпай, үн-түнсіз жауып алғаны ауял екен: бірде ұйқың келеді, бірде өз-өзіңнен жер тепкілеп айғайлағың келеді - сезімің селт етпейтін сергелдең күй кешесің, әйтеуір, басынан кене шаққан адамдаймең-зең, өз алдына лағып, бұйығы тартқан біреулер.





Назарларыңызға рақмет!